

ШЖК «Қазғалов аудандық ауруханасы» МКК

Бақылау кеңесінің шешімімен

«Бекітілді»

Нигметов С.К.

№ 4 « 17 қараша » 2021



## 2022-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАР

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы  
ШЖК «Қазғалов аудандық ауруханасы» МКК

## Мазмұны

1. Миссия, кіріспе
2. Ағымдағы жағдайды талдау
3. SWOT –сараптама
4. Мақсаты, міндеттері, мақсатты индикаторлар мен даму нәтижелерінің көрсеткіші
5. Негізгі бағыттары, мақсатқа жету жолдары.

## І БӨЛІМ

### Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының

#### «Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің миссиясы

- Халықтың денсаулығын нығайту, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында медициналық көмек көрсетудің көпсалалы тәсілін қалыптастыру.
- «Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің кіріспесі
- Сапалы стационарлық және амбулаторлық-емханалық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Денсаулықты нығайтуға, сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- Халықтың денсаулығын сақтауға бағытталған салауатты өмір салтын насихаттау;
- Халықтың өлімі мен мүгедектігін төмендету.

#### Біздің құндылықтарымыз:

*Кәсіби шеберлік* – науқасқа көмек көрсетуде жоғары нәтижеге жету үшін өзінің білімі мен тәжірибесін үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылу.

*Гуманизм* – науқастың кадр-қасиеті мен қарым-қатынасын құрметтеу.

*Көшбасшылық* – бұл әрбір қызметкердің оларға көрсетілетін стационарлық көмектің сапасын жақсартуға, қызмет көрсеткіштерін арттыруға ұмтылысы.

*Коллегиальдылық* – ұжымда корпоративтік мәдениет пен этикаға негізделген қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал, жеке және ұжымдық іс-әрекетте адалдық пен әдептілік принциптерін ұстану.

*Серіктестік* – халыққа медициналық көмек көрсету бойынша серіктестермен сенімді және құрметті ынтымақтастық.

**«Қазғалов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК миссиясының құрамдас бөліктері:**

|                             |   |
|-----------------------------|---|
| <b>Құрамдас бөліктер</b>    |   |
| Медициналық қызметтер       | «Қазғалов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК мамандандырылған, амбулаториялық-емханалық біліктілік санаты бойынша медициналық көмек көрсетеді;  |
| Мақсатты тұтынушылар санаты | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ауданның ересек және балалар мән жасөспірім тұрғындары ;</li> <li>• ҚР аумағында тұруға рұқсаты бар шетел азаматтары;</li> <li>• Келісімшарт негізіндегі ұйымдардың қызметкерлері;</li> </ul>  |
| Технология                  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Соматикалық ауруларды емдеуде дәстүрлі технологиялар қолданылады;</li> <li>• Хирургия, гинекология, перзентхана бөлімдерінде жаңа технологиялар енгізілуде;</li> </ul>   |
| Бәсекедестік артықшылықтар  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ауылдың қарқынды дамып келе жатқан аймағында ыңғайлы кіреберіс жолдары бар аурухананың орналасуы;</li> <li>• Материалдық-техникалық базасы бар, көпсалалы медициналық көмек көрсетуге ыңғайлы типтік жаңа ғимарат;</li> <li>• Палаталардағы науқастар үшін қолайлы жағдай жасалған;</li> <li>• Жабдықтар: сандық рентген аппараттары; эндоскопиялық жабдық; маммография аппараты, ультралдыбыстық, зерттеу анапараты; кардиологиялық, неврологиялық және балаларды оңалту төсектері; физиотерапия және оңалту кабинеттеріндегі жабдықтар кешені;</li> <li>• Операция бөлмесі конденсатормен жабдықталған;</li> <li>• Мұның барлығы стационарлық көмектің жаңа түрлерін және стационарлық алмастыру технологияларын енгізудің жоғары елеуетін анықтайды;</li> </ul> |
| Кредо                       | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кәсібіне адал болу, жинақталған тәжірибені молайту, дәстүрді жалғастыру, ұрпақтар сабақтастығын дамыту;</li> <li>• Ұлт денсаулығын жақсартуға бағытталған медициналық көмектің сапасын арттыру арқылы тұтынушылардың медициналық қызметтерге сұранысын қанағаттандыру;</li> </ul>  |

## 2 БӨЛІМ

### Ағылданғы жағдайды талдау (сыртқы және ішкі факторлар)

Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» даму стратегиясында мемлекет әлеуметтік саясаттың негізгі қағидалтарының бірі ретінде ұлт денсаулығын еліміздің табысты болашағының негізі ретінде белгіледі.

Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ұзақ мерзімді жаңғырту шеңберінде ол бүкіл аумақта талап етілетін, елдің медициналық қызмет көрсету сапасының бірыңғай стандарттарын енгізу, сондай-ақ медициналық мекемелер жетілдіру және біріздендіріп материалдық-техникалық жарақтандырылады.

Қазталов аудандық ауруханасын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған стратегиялық жоспары «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысы негізінде әзірленді. Стратегиялық жоспар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес БҚО тұрғындарына стационарлық, амбулаториялық-емханалық және стационарлық алмастыратын көмек көрсетуге бағытталған.

Бәсекелестік ортаны қалыптастырудағы он өзгерістерге қарамастан, БҰДЖ шеңберінде қаржыландыру тетіктерін (қор ұстау, жан басына шаққандағы екі компонентті стандарт) енгізу арқылы қол жеткізілгенімен, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басқарушылық дербестігінің төмендігі және жеткіліксіз деңгейі медициналық қызмет көрсетушілердің бәсекеге қабілеттілігін тежейді.

Бұл мақсатқа жету үшін айтарлықтай экономикалық және әлеуметтік прогрес керек. Оны дамыту, жаңғырту және әртараптандыру арқылы отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Қазақстанның кең ауқымды серпілісінің «Мүмкіндіктер терезесіне» айналуы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытуға да ықпал етеді.

«Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК стратегиялық жоспарында стационарлық көмектің аз шығынды және ресурс үнемдеуші нысандарына көшу үшін жағдай жасау, жоспарлы емдеуге жатқызуды арттыру, сапалы стационарлық көмектің қолжетімділігі мен уақтылылығын арттыру, диагностика мен емдеудің заманауи жоғары технологиялық әдістерін енгізу, сондай-ақ медициналық персоналдың кәсіби және жеке өсуін ынталандыру үшін жағдай жасау, стационарлық көмек жүйесін қоғамның заманауи талаптары мен нарықтық жағдайларына бейімдеу арқылы аурухананы серпінді дамыту бойынша шаралар көзделген.

Көрсеткіштер деңгейіне мынадай сыртқы әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етеді:

- халықтың білімділік деңгейі, зиянды әдеттерге бейімділік, садауатты өмір салтын жүргізу, қоршаған ортаның жай-күйі;
- халықтың тәуекелдің жетекші факторларын (темекі шегу, қауіпті дозаларда алкогольді тұтыну, артық салмақ, жоғары артериялық қысым, гиперхолестеринемия, жемістер мен көкөністерді жеткіліксіз тұтыну, дене белсенділігінің төмендігі) жоюға жеткіліксіз хабарлар болу және мотивация беру;

- халықтың АҚТЖ/ЖҚТБ инфекциясының таралуына, есірткіні тұтынуға ықпал ететін осал топтарының өсуі;
- табиғи және техногендік сипаттағы факторлардың әсері салдарынан экологиялық жағдайдың нашарлауы;
- өзендердегі су тапшылығының артуы, жерасты сулары қорларын толықтырудың болмауы;
- коммуникациялық желілердің ескірген техникалық жай-күйі, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтау көздерін жеткіліксіз тазалау және профилактикалық дезинфекциялау;
- жакын шетелден әкелінетін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін жүйелі қорғаудың болмауы;
- Қазақстанның Кеден одағына кіруі.

#### ІШКІ ФАКТОРЛАР:

- дәлелді медицинаға негізделген ауруларды диагностикалаудың, емдеудің және оналудың жана әдістері мен хаттамаларының жеткіліксіз енгізілуі;
- аурулардың профилактикасын қалыптастыру, балалар мен жүкті әйелдерді, диспансерлік науқастарды патронаждау мәселелерінде орта медицина қызметкерлерінің төмен біліктілігі;
- МСАК МҰ мен стационарлар арасындағы сабақтастықтың төмендігі;
- тауекелдерді болжау, бағалау және басқару жүйесін енгізудің жеткіліксіз деңгейі;
- мамандардың тапшылығына байланысты медициналық персоналдың жүктелуі.

Жоғарыда баяндалған ақпаратты ескере отырып, төменде «Қазғалов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК емдеу-диагностикалық қызметінің шеңберіне кіретін ағымдағы жағдайды талдау келтірілген.

1999 жылдың 3 қыркүйегінде «Қазғалов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК типтік, 2 қабатты, барлық инфрақұрылымдармен жабдықталып (сүмен жабдықтау, керіс, газбен жылыту) пайдалануға берілді. 2020 жылы ауруханаға күрделі жөндеу жүргізілді.

«Қазғалов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК БҚО, Қазғалов ауданы, Даниялов ауылы, Даниялов көшесі № 1, 39674 шаршы метр жер учаскесінде орналасқан.

Штат саны 286,75 дана бірлікті құрайды:

- Дәрігерлер-48,25, орта медициналық персонал-143,25, кіші медициналық персонал-53,5;
- Басқа персонал - 94,75 дана бірлікті құрайды.

Ауруханада тәулік бойы қызмет етуге арналған 50 төсектік стационар, ауысымына 260 келушіге арналған аудандық емхана, 71 төсектік күндізгі стационар және қосалқы кабинеттер : рентген, флюорография, клиникалық және биохимиялық, бактериологиялық зертхана, 2021 жылы covid - 19 диагнозын нақтылау үшін, онтүстік аудандардағы аудандық

ауруханалардың ( Бөкейорда, Жәнібек,Жанакала, Жалпақтағал) халқына қызмет көрсету үшін ПТР зертханасы ашылды. Сондай-ақ, ФГДС, УДЗ, маммография кабинеті, физиотерапиялық кабинет, кардиостандарттардың ішінде ВЭМ, СМАД, ХОЛТР, ЭКГ, дефибриллятор бар.

**Тәулік бойы стационардың төсек-орын қоры:**

| Бөлім   | Казталов аудандық ауруханасының төсек-орын қоры |
|---|---|
| Терапия бөлімі  | 12  |
| Хирургия бөлімі   | 8   |
| Гинекология бөлімі  | 3   |
| Патология бөлімі  | 4   |
| Перзентхана   | 3   |
| Балалар бөлімі  | 8   |
| Ересектерге арналған инфекция бөлімі  | 2   |
| Балаларға арналған инфекция бөлімі  | 5   |
| Кардиологиялық науқастардың денсаулығын қалпына келтіру емі және медициналық оңалту | 1   |
| Неврологиялық науқастардың денсаулығын қалпына келтіру емі және медициналық оңалту  | 1   |
| Пульмонологияны қалпына келтіру емі және медициналық оңалту                         | 1   |
| Балалардың денсаулығын қалпына келтіру емі және медициналық оңалту                  | 1   |
| Паллиативті көмек   | 1   |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>  | <b>50</b>                                       |
| <b>Күндізгі емхана</b>  | <b>71</b>                                       |

Сондай-ақ, 1 операциялық блок, заманауи гидравликалық операциялық үстел, операциялық шам, тыныс алу аппараты, коагулятор, электроотсос, орталық оттегі, барлық медициналық құралдар мен тігіс материалдары бар.

Клиникалық бөлімшелердің жұмысы үшін параклиникалық кабинеттер ашылған. Олардың қызметі барлық клиникалық бөлімшелердің тұрақты және үздіксіз қызметі үшін қажетті қызметтерді ұсына отырып, пациенттерге медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға бағытталған:

1. Кабылдау бөлімі;
2. Клиникалық-диагностикалық зертхана;
3. Трансфузиология кабинеті;
4. Орталық зарарсыздандыру бөлімшесі;
5. Функционалдық диагностика кабинеті ФГДС, ЭКГ, УДЗ
6. Физиотерапия және ЕДШ бөлімшесі;

2021 жылдың басында барлық қызметкерлердің саны: 289, оның ішінде:

- Дәрігерлер: 31
- ОМК: 122
- Кіші қызметкерлер: 88
- Өзгелері: 85

Дәрігерлермен толықтыру: 45,5%. Орта медициналық қызметкерлермен жасақталуы: 83,6%.

Дәрігерлердің біліктілік деңгейі: 45,4%. Орта медициналық қызметкерлер санатының деңгейі 65%.

Қолда бар кадр ресурсын тиімді пайдалану мақсатында дәрігерлерді өндірістен қол үзбей (қашықтықтан) кәсіптік қайта даярлауға жіберу жолымен оларды қайта даярлау ұйымдастырылды:

«Кардиология», «Трансфузиология», «Фтизиатрия», «Геронтология», «Функционалдық диагностика» мамандықтары бойынша.

Біліктілік санаты жоқ жас дәрігер мамандар (олардың жұмыс өтімі 0 жылдан 5 жылға дейін) – 12.  
Ұжымда:

- «ҚР Денсаулық сақтау үздігі» белгісімен - 1 қызметкер;

- Медицина қызметкерлері күніне арналған облыс және аудан әкімінің грамотасымен-4 қызметкер марапатталды.

Аудандық аурухана қызметінің негізгі мәні – шұғыл және жоспарлы стационарлық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады..

Аудандық аурухана – диагностикадан бастап, емделушілер үшін барынша тиімділік пен қауіпсіздікке бағытталған емделушілерді ерте оңалтуға дейінгі медициналық қызметтер спектрін көрсететін аурухана болып табылады.

Жалақы қоры -523564,7 теңге. Орташа жалақы – 374816 теңге, 2021 жылдың 10 айында – 944788,26 теңге.

Аудандық аурухананың балансында 3583 медициналық жабдық, оның ішінде 248-і ММБ (медициналық мақсаттағы бұйымдар) бар. «Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық техникамен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төменгі стандарттарын (нормативтерін) бекіту туралы» ҚР ДСМ 29.10.2020 жылғы №167 бұйрығына сәйкес жарақталу пайызы 94,3% - ды құрайды. Медициналық жабдықты пайдалану тиімділігі: 100%.

ҚР Президентінің Жолдауында көрсетілген өзекті мәселе қызмет сапасын жақсарту болып табылады. Стратегиялық жоспарды іске асыру кезеңінде одан әрі шешуді талап ететін білім беру және денсаулық сақтауды дамытудың «Әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау «салауатты ұлт» ұлттық жобасы қазақстандық медицинаны табысты артараптандырудың белгілі бір тетіктерін іске асырумен байланысты отандық медицинаның сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тиіс. Медициналық биотехнологияларды дамыту, инновациялық әзірлемелерді коммерцияландыру, диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу, Денсаулық сақтау саласындағы жоғары технологиялар – медициналық технологиялардың күтілетін кластерінің мамандануы осындай. Осы бағыттардың кооперациясы медициналық қызметтердің сапасын арттырудағы синергетикалық әсерге қол жеткізуге көмектеседі

- ❖ 2020 жылғы – 6, 2019 жылғы – 5 ЖТМҚ (жоғары технологиялық медициналық қызметтер) алған пациенттер саны артты;
- ❖ Халықты тәуліктік стационарға жатқызу деңгейі 2019 жылғы 1568-ден 2020 жылғы 1617-ге дейін артты;
- ❖ Төсек айналымы 2020 жылғы – 32,4, 2019 жылғы – 31,5;
- ❖ Науқастың стационарда болуының орташа ұзақтығы: 2020 жылғы-7,4, 2019 жылғы-7,5;
- ❖ Төсектер жұмысы: 2020 жылғы-238,7, 2019 жылғы-237,7;
- ❖ Бір ай ішінде бір ауруға байланысты қайта жоспарланбаған қабылдау – жоқ;

Стационарды алмастыратын технологияларды дамыту: күндізгі стационарда емделген науқастар саны: 2020 жылғы – 5085, 2019 жылғы – 4817.

Негізгі көрсеткіштер:

- Мұециналық ұйымды аккредиттеу тәсілі: 2022 жылға жоспарланған;
- Сайттың жұмыс істеуі: 100%;
- 2018-2020 жылдарға және 2021 жылдың 10 айына сапасыз медициналық көмек көрсеткені үшін алынған қаражат сомасы – жоқ;
- Кредиторлық берешек: жоқ;
- Сараланған еңбекақы төлеу енгізілді;
- Қаржылық тиімділіктің тиімділігі-0 (шекті мәні: 0,2);
- Пациенттердің негізделген шағымдары: тіркелген жоқ;
- Қосымша индикаторлар:
- Ана өліміне жол бермеу: тіркелген жоқ;
- Перинаталдық өлім-жітімнің төмендеуі: 2,3% ( 2019 жылғы: 0, 2020 жылғы - 1 жағдай ; 2021 жылдың 10 айында-0;

- Төсөк айналымы (шекті мәні: 24,0): 27,6;
  - Науқастың орташа болу ұзақтығы (10,0 деңгейінде): 7,4;
  - Төсектегі нақты жұмысы (шекті мәні: 340): 237,7;
  - Бір ай ішінде бір ауруға байланысты қайта жоспарланбаған түсім: тіркелмеген;
  - Ауруханаішілік инфекцияның көрсеткіштері: соңғы 3 жыл және 2021 жылдың 10 айында тіркелмеген;
  - 2018-2020 жылдары және 2021 жылдың 10 айында операциядан кейінгі асқынудар тіркелген жоқ;
  - 2018-2020 жылдары және 2021 жылдың 10 айында операциядан кейінгі өлім – жітім тіркелген жоқ.
- Жоспарлы емдеуге жатқызу кезіндегі өлім – жітім соңғы 3 жылда – тіркелмеген.
- Емдеуге жатқызу кезінде тәуліктік өлім – жітім-тіркелмеген.

Ағзаның жотанған қабілеттерін қалпына келтіру және асқынудардың қайталану қаупінің алдын алу үшін кардиологиялық, неврологиялық және балаларды оңалту-қалпына келтіру емінің төсөктері жұмыс істейді. Науқастарды оңалту үшін мамандар өз жұмысында келесі физиотерапиялық емдеу әдістерін қолданады: лазерлік терапия, магнитотерапия, ингаляция, Дарсонвал токтары, электрофорез, гальванотерапия, ультралықтық емдеу әдістерін қолданады: лазерлік терапия, массаж: жалтыр мойны аймағы, кеуде, арқа, жоғарғы және төменгі аяқтар; ЕДШ (емдік дене шынықтыру) түрлері: тыныс алу гимнастикасы, сондай-ақ жарық, тірек-қимыл жүйесі ауруларын (артроз, артрит және т. б.) емдеуге арналған инверсиялық үстел бар.

Қан айналымы жүйесінің ауруынан туындаған өлім-жітімде жалпы цереброваскулярлық аурулардың үлесі 34,6% құрайды. Кейбір авторлардың пікірінше, ми қан айналымының бұзылуы бойынша мемлекеттен үлкен қаржылық шығындарды талап ететін халықтың өлім-жітімі мен мүгедектігін анықтау 36% құрайды.

2021 жылдың 10 айында 1211 пациент емделді. Жалпы ауруханалық өлім - жітім: 0,1 (абсолюттік саны-2).

**Аудандық аурухананың 2019-2020 жылдардағы және 2021 жылдың 10 айындағы негізгі медициналық – демографиялық көрсеткіштері**

| Көрсеткіштердің атауы | Қазғалов аудандық ауруханасы |           |            |           |                      |
|-----------------------|------------------------------|-----------|------------|-----------|----------------------|
|                       | 2019 жыл                     |           | 2020 жыл   |           | 10 месяцев 2021 года |
|                       | абсолюттік                   | көрсеткіш | абсолюттік | көрсеткіш | көрсеткіш            |
| Халық саны (адам)     | 14615                        |           | 14381      |           | 14343                |

|  |       |         |       |         |       |         |
|--|-------|---------|-------|---------|-------|---------|
| оның ішінде ересектер                                    | 9949  |         | 9691  |         | 9708  |         |
| жасөспірімдер  | 562   |         | 617   |         | 548   |         |
| балалар  | 4104  |         | 4073  |         | 4087  |         |
| Фертильдік жастағы әйелдер                               | 2754  |         | 2793  |         | 2615  |         |
| Баға туу (1000 адамға шаққанда)                          | 259   | 17,7    | 256   | 17,8    | 249   | 17,3    |
| Өлім-жітім (1000 адамға шаққанда)                        | 123   | 8,4     | 118   | 8,2     | 124   | 8,6     |
| Табиғи өсім (1000 адамға шаққанда)                       | 136   | 9,3     | 138   | 9,6     | 125   | 8,7     |
| Нәрестелер өлім-жітімі (1000 тірі туылғандарға шаққанда) | 4     | 15,4    | 2     | 7,8     | 1     | 4,0     |
| Ана өлімі (100 мың тірі туылғандарға шаққанда)           | 0     |         | 0     |         | 0     | 0       |
| Жайылған төсектер саны, барлығы                          | 50    |         | 50    |         | 50    |         |
| Төсектермен қамтамасыз етілуі                            |       | 34,2    |       | 34,7    |       | 34,8    |
| Бір жылдағы төсек жұмысы                                 | 11885 | 237,7   | 11937 | 238,7   | 9621  | 192,4   |
| Емдеуге жатқызу көрсеткіші (100 тұрғынға шаққанда)       | 1617  | 11,0    | 1568  | 10,9    | 1218  | 8,4     |
| Стационарларда емделді                                   | 1604  |         | 1575  |         | 1211  |         |
| Күндізгі стационарларда және үйде емделді                | 5028  |         | 4768  |         | 2995  |         |
| күндізгі стационарларда емделді (физиятриялық бейін )    | 57    |         | 49    |         | 45    |         |
| 1 тұрғынға келу саны                                     | 78614 | 5,3     | 74763 | 5,4     | 69132 | 5,1     |
| Барлық мамандық дәрігерлерінің саны (тіс дәрігерінісіз)  | 27    |         | 31    |         | 32    |         |
| 10 мың тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету    |       | 18,4    |       | 21,5    |       | 22,3    |
| Орта буынды медициналық қызметкерлердің саны             | 111   |         | 115   |         | 122   |         |
| Орта медперсоналдың қамтамасыз етілуі                    |       | 75,9    |       | 79,9    |       | 85,0    |
| Бастапқы сырқаттанушылық (100 мың тұрғынға шаққанда):    | 7536  | 51563,4 | 8120  | 56463,3 | 6844  | 47716,6 |

|   |     |        |     |        |     |        |
|---|-----|--------|-----|--------|-----|--------|
| туберкулез  | 5   | 34,2   | 5   | 34,7   | 3   | 20,9   |
| караусыздық пайызы                                  | 0   |        | 0   |        | 0   |        |
| туберкулезден болатын өлім(100 мың адамға шаққанда) | 2   | 13,6   | 0   |        | 0   |        |
| катерлі аурулар                                     | 30  | 205,2  | 18  | 125,1  | 23  | 160,3  |
| Катерлі аурулардан болатын өлім                     | 17  | 116,3  | 12  | 83,4   | 13  | 90,6   |
| караусыздық пайызы                                  | 4   | 13,3   | 6   | 33,3   | 3   | 13,0   |
| Катерлі ісіктен бес жылдық тірі қалу кабілеттілігі  | 51  | 49,5   | 53  | 48,5   | 63  | 55,2   |
| психикалық бұзылулар                                | 0   | 0      | 2   | 13,9   | 0   |        |
| наркологиялық бұзылулар                             | 0   | 0      | 0   |        | 1   | 6,9    |
| Қан тамыр-жүрек ауруы                               | 539 | 3687,9 | 561 | 3900,9 | 502 | 3499,9 |
| Қан тамыр-жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім      | 25  | 171,0  | 28  | 194,7  | 25  | 174,3  |
| АИТВ-инфекциясының таралуын тежеу (15-49 жас)       | 0   | 0      | 0   |        | 0   |        |
| вирустық гепатит                                    | 0   | 0      | 0   |        | 0   |        |
| бруцеллез   | 0   | 0      | 0   |        | 0   |        |
| Жаракаттар мен уланудан болатын өлім-жітім          | 6   | 41,0   | 15  | 104,3  | 9   | 52,7   |

### 3 БӨЛІМ

#### SWOT-талдау «Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МҚК

**SWOT талдауы**-бұл ішкі және сыртқы орта факторларын анықтап, оларды төрт категорияға бөледен тұралын стратегиялық жоспарлау құралдарының бірі: Strengths(күшті жақтар), Weaknesses (әлсіз жақтар), Opportunities (мүмкіндіктер) және Threats (қауіптер).

**Strengths(күшті жақтар)**-ұйымның дамуына ықпал ететін факторлар.

**Weaknesses (әлсіз жақтар)**– ұйымның дамуына кедергі келтіретін және (немесе) теріс әсер ететін факторлар бақыланатын ішкі аспектілері болып табылады.

**Opportunities (мүмкіндіктер)** - ұйым артықшылық алу үшін пайдалана алатын қолайлы жағдайлар.

**Threats (қауіп-қатерлер)** - ұйымға жағымсыз әсер етуі мүмкін оқиғалар.

| Күшті жақтары     |   | Әлсіз жақтары  |  |
|-------------------|---|--|--|
| Клиенттер         | Стационарлық емдеуге сұраныстың артуы   | Медициналық ұйымдағы алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде кезектерге (зертхана, Функционалдық диагностика, бейінді мамандар және т. б.) байланысты жоспарлы емдеуге (ЖМЖ, ЖТМК) дайындық кезінде пациенттердің уақытша ресурсы жұмсалады; |  |
| Ішкі процестер    | Дәрігер қызметкерлерінің жас шамасына қарамастан, аудандық ауруханада «тәлімгерлік» кенінен қолға алынды. Еңбек өтілі жоғары дәрігерлер жас дәрігерлерге кез келген жағдайда медициналық көмек көрсету үшін көмектеседі . | Бейінді дәрігер кадрлардың тапшылығы: <ul style="list-style-type: none"> <li>• акушер-тинеколог;</li> <li>• көз дәрігері;</li> <li>• дерматолог;</li> <li>• рентгенолог;</li> <li>• отолоринголог;</li> </ul>  |  |
| Оқыту және дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Аудандық ауруханада бос тұрған жабдық – жоқ. Жаңа жабдық сатып алу бойынша маман</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Аурухана бюджетін шектеуі;</li> </ul>   |  |

|                   |  |  |
|-------------------|--|--|
|                   | облыс ішінде де, одан тыс жерлерде де оқуға жіберіледі;  |  |
| Қаржы             | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ай сайын жоспарлы емдеуге жалтқызу бойынша жоспарлы және ақылы қызметтер бойынша жоспарды орындау.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Медицина қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру мақсатында сараланған еңбекақы төлеу жүйесінің болмауынан, ҚР ДСМ 20.05.2011 ж. №310 «Медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сараланған еңбекақы төлеу енгізілуде.</li> </ul> |
|                   | <b>Мүмкіндіктер</b>  | <b>Қауіп-қатерлер</b>  |
| Клиенттер         | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Балалар арасында жедел хирургияны дамыту;</li> <li>• Хирургия және гинекология бойынша жедел белсенділікті кеңейту;</li> <li>• Тамырлы және интервенциялық хирургияны дамыту; диабеттік табан кабинетін ашу;</li> <li>• Жалпы хирургия, тамыр хирургиясы және урология бойынша операцияларды енгізу;</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Балалар анестезиологиясы және реанимациясы» мамандығы бойынша мамандандудың болмауы;</li> <li>• Лапароскопиялық тіреудің жинақтаушы жабдығының болмауы;</li> <li>• Таалап ететін аппараттардың болмауы;</li> </ul>   |
| Ішкі процестер    | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Инсулыттік науқастарға арналған төсектерді кеңейту;</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Высокий коэффициент совмещения штатных специалистов;</li> </ul>   |
| Оқыту және дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мамандарды ҚР ішінде оқыту;</li> <li>• Мастер-класстар өткізу;</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бюджетті шектеу;</li> </ul>   |
| Қаржы             | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бюджеттен тыс қаражат үлесін арттыру қызметтерді ақылы негізде көрсету және үй-жайларды жалға алу есебінен жүзеге асырылады.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ел экономикасындағы тұрақсыз қаржылық жағдай;</li> </ul>  |



| Нәрсетелер өлім-жітімінің көрсеткіші                            | Тірі туғандар саны                    | керек                    | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары, «Отбасы денсаулығы» орталығының менеджерісі  | 15,4  | 7,8   | 4,0   | 4,0   | 3,9   | 3,9   | 3,8   | 3,8   |
|---|---------------------------------------|--------------------------|--|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| Бағалар өлімінің көрсеткіші                                     | Туғандар саны                         | Статистикалық мәліметтер | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары, «Отбасы денсаулығы» орталығының менеджерісі  | 15,4  | 7,8   | 4,0   | 4,0   | 3,9   | 3,9   | 3,8   | 3,7   |
| Неонаталдық өлім-жітім көрсеткіші                               | Көрсеткіш                             | Статистикалық мәліметтер | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары, «Отбасы денсаулығы» орталығының менеджерісі  | 0     | 0     | 0     | 0     | 0,1   | 0,1   | 0,1   | 0,1   |
| 100 мың тұрғынға шаққанда катерлі ісіктерден болатын өлім-жітім | 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш | Статистикалық мәліметтер | «Отбасы денсаулығы» орталығының менеджерісі, дәрігер-онколог, МСАК ұчаскелік дәрігерлері | 116,3 | 83,4  | 90,6  | 90,6  | 90,5  | 90,4  | 90,3  | 90,2  |
| Катерлі ісіктерді ерте анықтау 0 және 1 кезең                   | Көрсеткіш                             | Статистикалық мәліметтер | «Отбасы денсаулығы» орталығының менеджерісі, дәрігер-онколог Жалпы тәжірибелі дәрігерлер | 50 %  | 50%   | 57 %  | 57,5  | 58%   | 58,5  | 59%   | 59,5% |
| Қан айналымы жүйесі   | 100 мың                               | Статистикалық мәліметтер | «Отбасы  | 171,0 | 194,7 | 174,3 | 174,2 | 174,1 | 174,0 | 173,0 | 172,9 |

| аурууларынан болатын өлүм-жітім   | тұрғын шаққандары көрсеткіші                  | тикалы к мәліметтер      | денсаулығын орталығының меңгерушісі, дәрігер-кардиолог, жалпы тәжірибелі дәрігерлер        |      |      |      |      |      |      |      |      |
|---|---|--------------------------|--|------|------|------|------|------|------|------|------|
| Туберкулезден болатын өлүм  | 100 мың тұрғын шаққандағы көрсеткіші          | Статистикалық мәліметтер | «Отбасы денсаулығы» орталығының меңгерушісі, дәрігер фтизиатр, жалпы тәжірибелі дәрігерлер | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    |
| 1 тұрғынға бару   | Дәрігерге қаралушылардың барлығы / халық саны | Статистикалық мәліметтер | «Отбасы денсаулығы» орталығының меңгерушісі, МСАК дәрігерлері, уәкіе специалиствы          | 5,0  | 5,0  | 5,1  | 5,1  | 5,1  | 5,1  | 5,1  | 5,1  |
| 5 және одан да көп жыл өмір сүретіндердің үлес салмағы  | «Д» тіркеулегі науқастардың саны              | Статистикалық мәліметтер | МСАК уәаскелік дәрігерлері, дәрігер онколог, Орта буынды медицина қызметкерлері            | 49,5 | 48,6 | 51,2 | 51,3 | 51,3 | 51,4 | 51,4 | 51,4 |
| Улттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинациялауға жататын халықтың кемінде 95% - ын вакцинациялаумен қамту | Егудің күнтізбелік жоспары                    | Статистикалық мәліметтер | «Отбасы денсаулығы» орталығының меңгерушісі, уәаскелік қызмет, егу медбикесі               | 95 % | 95 % | 95 % | 95%  | 95%  | 95%  | 95%  | 95%  |
| Негізсіз емдеуге жатқызу көрсеткіші   | Стационарға түскен науқастар                  | Статистикалық мәліметтер | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері.                           | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    |
| Медициналық ұйымның медициналық техникамен жарақтандырылу деңгейі                                       | Көрсеткіш                                     | Статистикалық мәліметтер | Аудандық аурухана директоры  | 82 % | 84%  | 90 % | 90 % | 92 % | 92%  | 94%  | 94%  |

|  |  | К<br>мәліме<br>ттер |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|---------------------|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|--|--|---------------------|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

**4.1. Барлық Денсаулық сақтау қызметтерінің интеграциясымен мамандандырылған медициналық көмекті дамыту**

**Босандыру бойынша**

|  |                               |   |   |     |     |     |      |      |      |      |      |      |      |      |
|--|-------------------------------|---|---|-----|-----|-----|------|------|------|------|------|------|------|------|
| Анте және интранатажды кезеңдегі ұрықтың жай-күйін бақылауды жетілдіру арқылы ұрықтың интранатажды өлімінің көрсеткішін төмендету  | Тірі және өлі туғандар санына | Статистикалық мәліметтер                    | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары, «Отбасы денсаулығы» орталығының орталығының меңгерушісі, ЖТД, акушерлер | 0   | 0   | 0   | 0,1% | 0,1% | 0,1% | 0,1% | 0,1% | 0,1% | 0,1% | 0,1% |
| Қан кету кезінде шұғыл көмек көрсету алгоритмдерін нақты сақтау арқылы босанғаннан кейінгі кезеңде жаппай қан кетулер санын азайту | Босану санына                 | Статистикалық мәліметтер                    | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары  | 0   | 0   | 0   | 0,3  | 0,3  | 0,3  | 0,3  | 0,3  | 0,3  | 0,3  | 0,3  |
| ЭПТ қолдану арқылы жаңа туған нәрестелердің жаракаттануын төмендету  | Тірі туғандар санына          | Статистикалық мәліметтер                    | Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары, Дәрігер педиатр - неонатолог  | 0   | 0   | 0   | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    | 0    |
| <b>4. Денсаулық сақтау жүйесін басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыру</b>   |                               |   |   |     |     |     |      |      |      |      |      |      |      |      |
| Дәрігерлердің орташа жалақысының аймақтағы орташа жалақыға қатынасы  |                               | Статистикалық мәліметтер                    | Директор, бас есепші, бас қаржыгер  | 1,5 | 1,7 | 1,8 | 2,0  | 2,1  | 2,2  | 2,4  | 2,6  |      |      |      |
| Ақылы қызметтер спектрін кеңейту   | Түрлері                       | Ақылы қызметтер көрсету туралы ереже, тізбе | Директор, бас есепші, бас қаржыгер  | 13% | 14% | 16% | 23%  | 30%  | 37%  | 44%  | 51%  |      |      |      |



конкурслық негізде құрылымдық бөлімшелердің басшыларын тағайындау).

#### 4.5. Ғұнғалық ресурстарды басқаруды жетілдіру

| Стационардың кәжеттіліктеріне жауап беретін білікті кадрлармен қамтамасыз ету (тапшы кадр ресурстары бойынша қайта даярлау). | Абсолюттік сан | Статистикалық алық мәліметтер | Директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер меңгерушілері, пациентке қолдау көрсету қызметі және ДА, бас есепші, бас қаржыгер, кадр бойынша инспектор | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 1 |
|--|----------------|-------------------------------|--|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Құрылымдық бөлімшелер мен орта буын басшылары лауазымдарына резервті (мамандарды) даярлау және қайта даярлау                 | Абсолюттік сан | есеп                          | Директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер меңгерушілері, пациентке қолдау көрсету қызметі және ДА, бас есепші, бас қаржыгер, кадр бойынша инспектор | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |

| Кадр тапшылығын төмендету үлесі                         | Абсолюттік сан | есеп | Аудандық аурухана директоры | 2     | 6    | 2    | 8     | 8    | 7    | 7    | 6    |
|---|----------------|------|-----------------------------|-------|------|------|-------|------|------|------|------|
| Жас мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету үшін | Көрсеткіш      | есеп | Аудандық аурухана директоры | 100 % | 100% | 100% | 100 % | 100% | 100% | 100% | 100% |

#### 4.6. Кадрлық әлеуетті арттыру

| Біліктілік санаты бар | Көрсеткіш | Статистика | Кадр жөніндегі | 27,7 | 45,4 | 45,4 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
|-----------------------|-----------|------------|----------------|------|------|------|---|---|---|---|---|
|-----------------------|-----------|------------|----------------|------|------|------|---|---|---|---|---|

| Дерігерлердің үлес салмағын ұлғайту                                     | алық есеп | Инспектор, директордың медициналық-диагностыкалық емдеу ісінің сапасын бақылау жөніндегі орынбасарлары, менеджерші құрылымдық бөлімшелер, бас медбике, аға медбикелер |  |      |       |      |   |   |   |   |   |
|---|-----------|---|--|------|-------|------|---|---|---|---|---|
| Рышкі санаты бар орта буын медицина қызметкерлері үлес салмағын ұлғайту | Көрсеткіш | Статистик алық есеп   | Кадр инспекторы, бас медбике, аға медбикелер | 44 % | 65,5% | 65,5 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

## 5 БӨЛІМ

### «Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің Негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

- Бір мезгілде пациенттер үшін экономикалық табыстылық пен қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік беретін сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін тиімді жүйені құру.
- ҚР ДСМ Стратегиялық жоспарына сәйкес, «Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК әлеуметтік мәні бар ауруларды төмендету, сондай-ақ түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға бағытталған ТМЖКК деңгейіндегі пациентке бағдарланған көмек қағидастарын басшылыққа алады.
- Кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарды тиімді пайдалану;
- Ауыр хирургиялық және соматикалық ауруларды емдеу нәтижелерін жақсарту.;
- Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ұлттық сақатын іске асыру;

### Нормативтік-құқықтық актілер

- 30.08.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 18.09.2020 жылғы №193-ІV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысы;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы;

**«Қазталов аудандық ауруханасы» ШЖК МКК М.У.А.**



**Сәткеш З. Ж.**